ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
Қызылорда қаласы экономика және қаржы бөлімінің қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша

30.06.2026 жыл **Қызылорда қаласы**

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау обьектісі болып «Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – бөлім) құрылымдық бөлімдерінің қызметі табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Бөлімнің 2026 жылғы 31 мамырдағы №69/1 бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Жүнісова Роза Талғатқызы	Бөлім басшысының орынбасары, топ жетекшісі;
Айдаров Нұрлан Қонысбекұлы	Фискалдық, бюджеттік саясат және бюджеттік жоспарлау секторының меңгерушісі, топ мүшесі;
Бодықова Лаззат Сағындыққызы	Есеп және бюджеттің атқарылуы секторының меңгерушісі, топ мүшесі;
Шалабаев Қайыржан Шәкірұлы	Экономикалық, инвестициялық саясат секторының меңгерушісі, топ мүшесі;
Қадырқұлова Айжан Тлеубергенқызы	Коммуналдық меншікті басқару секторының меңгерушісі, топ мүшесі;
Бекжанов Дәурен Дастанұлы	Мониторинг жүргізу және қаржы жоспарының атқарылуына талдау жасау секторының меңгерушісі, топ мүшесі;
Құлмаханова Айдана Үсенбайқызы	бөлімнің бас маманы, топ мүшесі.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 01.06.-30.06.2026 жыл аралығында жүргізілді.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен 30.06.2025 – 30.06.2026 жылдары аралығындағы кезең қамтылды.

6. Бөлім басшысының орынбасары Р. Жүнісова және бөлімнің бас маманы А. Құлмаханова сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Бөлім қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде *(әрі қарай - НҚА)* сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Бөлімнің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Бөлім құзыреті шегінде Қызылорда қаласындағы стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында функцияларды жүзеге асырады.

Бөлімнің өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, бөлімнің Ережесіне сәйкес іске асырады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 16.

II.Бөлімнің қызметіне, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, бөлімдер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы;
- "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы;
- "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы Заңы;
- "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысы;
- "Концессиялық жобаларды жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №157 бұйрығы;
- "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығы.

- "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі №185 бұйрығы.

- "Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы №129 бұйрығы.

- " Бюджеттік жоспарлаудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №208 бұйрығы.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы;

- Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексі;

- «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы;

- Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін өзі басқару туралы Заңы;

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;

- «Республикалық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;

- Қазақстан Республикасының «Банкрот туралы» заңы;

- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы;

- «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 12.05.2025 жылғы №223 бұйрығы;

- «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 30.05.2025 жылғы №275 бұйрығы;

- «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 16.04.2025 жылғы №170 бұйрығы;

- «Бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы миністірінің 28.05. 2025 жылғы № 262 бұйрығы;

- «Бюджеттік бағдарлама әкімшілерініңжәне бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау қағидаларын бекіту туралы» ҚР қаржы министірінің 15.05.2025 жылғы № 229 бұйрығы.

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

<u>2025-2026 жылы жүргізілген ішкі талдау нәтижесімен (экономика және қаржы бөлімі):</u>

Мемлекеттік қызметшілердің штаттық саны – 13 бірлік;

Штаттан тыс қызметкердің саны – 15 бірлік.

		Яғни, веб-портал арқылы жалға берілетін мемлекеттік мүлікке байл аныcты берілетін өтінімде көрсетілген объект туралы ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету міндеті баланс ұстаушыға жүктеледі.	

IV. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша

Бөлімді талдау кезеңінде сыйақы алу рәсімдеріне талдау жүргізілді. Бөлім басшысының бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметшілерден бастап штаттан тыс қызметкерлерге дейін сыйақы беріліп отырған. Анықтама үшін: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» №1127 қаулысының талаптарына сәйкес сыйақы және басқа да қаржылай көтермелеу шаралары жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметшілер арасындағы мүдделер қақтығысы орын алмаған. Кадрлық қамтамасыз ету қызметінде сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін фактілер орын алған жоқ.

V. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Бөліммен мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру бөлімнің құзыреттілігінде көзделмеген.

VII. Бақылау функцияларын іске асыру.

Бөліммен бақылау функциялары іске асырылмайды.

VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

2025 жылғы игерілу туралы мәлімет (млн.теңге)

Бөлінген қаржы – 23 854,7

Игерілгені (қаңтар-ақпан) – 23 854,4

Игерілмеген қаржы – 0,3

2026 жылдың қаңтар-мамыр айларында игерілу туралы мәлімет (мың.теңге)

Бөлінген қаржы – 19 660,9

Игерілгені (қаңтар-ақпан) – 19 659,8

Игерілмеген қаржы – 1,1.

IX. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

2025 жыл бойынша:

Бөлімнің мемлекеттік сатып алу жоспары «Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сатып алудың 2025 жылға мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіту туралы" бөлім басшысының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №204 бұйрығымен бекітілген.

2025 жылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы-53, бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы – 6,

2026 жылдың қаңтар-маусым айларында баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы-28, бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы – 4.

X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Бөлім осы кезге дейін ешқандай ақпараттық жүйе әзірлемеген. Ақпараттық жүйенің барлығы Қызылорда қаласының әкімдігі арқылы жүргізіліп келеді.

XI. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Қалалық экономика және қаржы бөліміндегі құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі бойынша *(28.02.2024 – 28.02.2025).*

Бөлімдегі жалпы құжат айналымы:

- 2025 жылы шығыс хаты – 1642, кіріс хат – 3149;
- 2026 жылдың қаңтар – маусым айында шығыс хаты – 821, кіріс хаты - 1924.

<u>Өтініштер бойынша:</u>

Талданып отырған кезеңдерде бөлімге жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштерді тіркеу, қарау барысы зерделенді.

2025 жылы жеке және заңды тұлғалардан 217 өтініш келіп түскен, арыз иелерінің барлығына заңға сәйкес жазбаша жауап берілді, **2026 жылдың қаңтар-маусым** айларында 42 өтініш тіркеліп, барлығына жазбаша жауап жолданды.

Бөлімге қарауға жолданған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының заңнамаларына, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жауаптар берілуін, өтініштердің уақытылы есепке алынуын қадағалау бағытында талаптарын бұзушылықтар орын алмаған.

Заңнамадағы белгіленген талаптарға сәйкес, жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштердің қарау мерзімі күнтізбелік 15 күнге қойылып орындаушыға ұсынылады.

Бөлімге қарауға жолданған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша "Әкімшілік-рәсімдік процесстік кодексі" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауаптар берілуін, өтініштердің уақытылы есепке алынуын қадағалау бағытында талдау жасалды. Талдау барысында мерзімі кешігіп орындалғандар анықталмады.

		жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларының 27-тармағына сәйкес тәртіптік теріс қылықтың түрі айқындалып, оның нәтижесі бойынша тәртіптік жаза қолданылады. Мәселен, мемлекеттік қызметші тәртіптік теріс қылық жасаған сәтте оның алынбаған немесе өтелмеген тәртіптік жазасы болған жағдайда, заңнама талаптарына сәйкес неғұрлым қатаң тәртіптік жаза қолданылуы қажет. Алайда, персоналды басқару қызметінің маманы тәртіптік жаза қолдану барысында аталған талаптарды қасақана немесе абайсызда ескермеген жағдайда, мемлекеттік қызметшіге заңнамада көзделгеннен жеңіл тәртіптік жаза қолданылуына мүмкіндік туындауы мүмкін. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №212 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларына сәйкес баланс ұстаушы артық және пайдаланылмайтын объектілерді мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру үшін жалға берушіге объект туралы белгіленген нысанда ақпарат ұсынады.	

Бос мемлекеттік қызметке жарияланған конкурстардың саны 3.

Тәртіптік жаза қолданылған мемлекеттік қызметшілердің саны 3, тәртіптік жазасы мерзімінен бұрын алынғандардың саны - 3.

2025-2056 жылдары бөлімде сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Бөлім бойынша жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей, лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру фактілері орын алған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Фискалдық, бюджеттік саясат және бюджеттік жоспарлау секторының мамандары; Экономикалық, инвестициялық саясат секторының мамандары, Коммуналдық меншікті басқару мамандары.	Тәртіптік теріс қылықтың түрін анықтау	Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты мемлекеттік орган болып табылады. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторлары бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізуге жауапты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, ведомстволық бағыныстағы ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері айқындалады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015	

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты: Бөлімнің жеке қабылдау кестесі: Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, №16 мекен жайында орналасқан. Қала әкімдігі ғимаратының 4 қабатында көпшілікке көрінетін жерге ілініп, арыз-шағымдарға арналған пошта жәшігі бөлімнің қабылдау бөлімінде орналасқан.

Қазіргі таңда, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінен алынған мәліметтерге сәйкес, бөлім қызметшілері қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылық әрекеттерін жасамағандықтары анықталды.

2025 - 2026 жылдары бөлімде сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

НҚА талдау жүргізу нәтижесінде қызметтердің процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтар анықталмады.

"КЕЛІСІЛДІ"
Жұмыс тобы мүшелері:

Бөлім басшысының орынбасары,
топ жетекшісі **Р.Жүнісова**

Фискалдық, бюджеттік саясат және
бюджеттік жоспарлау секторының меңгерушісі **Н. Айдаров**

Есеп және бюджеттің атқарылуы
секторының меңгерушісі **Л. Бодыкова**

Экономикалық, инвестициялық
саясат секторының меңгерушісі **Қ. Шалабаев**

Коммуналдық меншікті басқару секторының меңгерушісі **А.Қадыркұлова**

Бюджетті үйлестіру, жиынтық және талдау
секторының меңгерушісі **Д.Бекжанов**

Бөлімнің бас маманы **А. Құлмаханова**

Қарау және тиісті шараларды қабылдау үшін ұсынылды:

Бөлім басшысы **Г. Баймаханова**